

Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлықтары мен гранттарын (стипендияларын) беру туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі 2002 жылғы 25 маусым N 328.

1. Бұқаралық ақпарат құралдары арқылы елімізде жүргізіліп жатқан

реформаларды қолдауға қосқан үлкен үлесін ескеріп, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы сыйлықтары мен гранттарын беру жөніндегі Қоғамдық комиссияның ұсыныстарын қарай келіп, сыйлықтар мен гранттар мыналарға берілсін:

Қазақстан Республикасы Президентінің сыйлықтары:

Сәрсенбай Қалиға - "Жас Алаш" газеті бас редакторының
бірінші орынбасары, рухани және
мәдени құндылықтар туралы мақалалар
дестесі үшін

Тараков Александр - "Казахстанская правда" республикалық
Юрьевичке газеті "ААҚ-ның" вице-президенті,
елдегі қоғамдық-саяси реформаларды
терең әйгілегені үшін;

Қазақстан Республикасы Президентінің гранттары (стипендиялары):

Ақдәулетұлы Мейірханға - "Алтын Орда" газетінің бас редакторы,
мемлекеттілігіміздің орнығуы,
қазақстандық патриотизмнің қалыптасуы
мәселелеріне арналған публицистикалық
мақалалары үшін;

Сацук Ольга - "Хабар" агенттігі" ЖАҚ-ның аға
Георгиевнаға режиссері, телевизиялық режиссурадағы
шығармашылық жетістіктері үшін.

Қазақстан Республикасы Президентінің алғысы мыналарға жариялансын:

Қазақстан баспасөз клубына - БАҚ саласында әлеуметтік мәнді және ағарту-ақпараттық жобаларды ойдағыдай жүзеге асырғаны үшін;

Лисаковск қалалық "Акцент" телевизия студиясының ұжымына - шағын қалалар мысалында нарықтық реформалар барысын белсенді және жан-жақты көрсеткені үшін;

Халабузарь Николай - "Экспресс-К" газетінің тілшісі,
Михайловичке экономиканың отын-энергетика секторын
реформалауға байланысты тақырыптарды
терең зерттегені үшін;

Шпаков Владислав - "ИнфоЦес" газеті" ЖШС-нің тілшісі,
Владимировичке Қазақстан астанасының тарихына
арналған мақалалар дестесі үшін.

2. Осы өкім бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Мамандар:

Қасымбеков Б.А.

Омарбекова А.Т.